

Әбжан ҚҰРЫШЖАНҰЛЫ
(Алматы)

ТҮРКОЛОГИЯНЫҢ ҚЫПШАҚТАНУ САЛАСЫ ТУРАЛЫ БІРЕР СӨЗ

В статье рассматриваются некоторые проблемные вопросы научно-исследовательских работ по кыпчаковедению.

Makalede Kıpçak bilgisi alanındaki ilmi araştırmaların bazı meseleleri incelenmektedir.

Туркологиялық тиісті әдебиеттерде түрк сөзі қыпшақ деген сөзбен кейде қатар айтылып, бірге қолданылады: түрік-қыпшақ, (қыпшақ түріктері, түрік тілді қыпшақтар, қыпшақ түріктер, түрік қыпшақтар). Сонымен бірге қыпшақтардың “половцы” (орыс, славян тілдерінде), “куман, коман” (Еуропа тілдерінде), “кыфчак”, “кывчак” (араб тілінде), “кыбчак” (көне түркі тілінде) деген де аттары бар екендігі белгілі. Поляктың көрнекті ғалымы – ориенталисі, иранисі, түркітанушысы, қыпшақтану іліміне үлкен үлес қосқан профессор Ананияш Зайончковский осыған байланысты былай деп жазады: “XIII ғасырда түрік (түрк) және қыпшақ деген сөздер көбінесе салыстырмалы түрде қатар қолданылатын болған, соның салдарынан көптеген жағдайларда қыпшақ деудің орнына кейде түрік (түрк) сөзі айтыла беретін де, осылай жазылып отырған” [1, N3], яғни бұл екі сөз өзара синоним ретінде қалыптасқан. Мысалы, құмық халқының атақты тарихшысы, қыпшақтанушы Мурад Аджидің бір үзік жазғандарын оқып көрейік: “Кыпчак” – это имя одного из древнейших тюркских родов. Возможно, он когда-то первым отселился с Алтая, и других переселенцев стали называть его именем. Олай болатын себебі, М.Аджидің сөзіне қарағанда, “А на Алтае в ход снова вошло слово “кыпчак”, переселенцев всегда называли “кыпчаками” [2, 83-84]. “Это переселение назвали Великим, - деп жазады автор одан әрі, - началось оно во II веке с Алтая, двигалось в сторону Европы и продолжалось триста с лишним лет” [2,89]. Бұл үлкен жөңкіліс пен қоныс аударудың аяғы мен ауыр тағдыры жайында М.Аджи былай деп түйін жасайды: “Вот так, жестоким и долгим братоубийством, закончилось Великое переселение народов: народ, достигший огромной численности, уничтожал себя.... Тогда, то есть к концу V века, кипчаки заселили пол-Европы и всю Центральную Азию. Тюркская речь заглушала на Евразийском континенте любую другую. Тюрки были самым многочисленным народом мира.... Один народ дал жизнь десяткам других народов” [3,165]. Осы қыпшақтардан қалған бір із туралы (басқаларын айтпай-ақ қояйық, - Ә.Қ.) автор мынадай мысал келтіреді: “ В IX веке

Киевляние говорили на тюркском языке, ибо они являлись тюрками-кипчаками. **Киев** в переводе с тюркского- “город зятя”.¹ Поселение возникло в V веке, было таможенным городом каганата Украина. Его правители назывались “каганами”. Точно такой же титул носили правители соседних каганатов – Аварии, Великой Бугарии, Хазарии, Волжской Булгарии, Сибири. Эти каганаты, как ныне области, составляли Великую степь – страну, которая называлась **Дешт-и-Кипчак** (Половецкое поле). Степная страна появилась в IV веке, а не XI, как пишут московские “летописцы”, она – результат Великого переселения народов – просуществовала до XVIII века, но даже название ее теперь не вполне понятно потомкам тех **побежденных** степняков. Забыли! А это был южный сосед Руси. ... В киевском войске воевали не славяне, которые не умели сидеть на конях, а кипчаки” [2, 102-103, 118-119, 109, т.б.]. “Огромный Дешт-и-Кипчак, - деп жазады М.Аджи тағы бір еңбегінде, - как и Кушанское ханство, распался. Австразия, Алемания, Бавария, Бургундия, Богемия..., много новых тюркских государств появилось тогда в Европе (не меньше их было и в Азии). Оскольки теперь лежали на кровотокающей земле Дешт-и-Кипчака” [3, 166].

Түріктердің (түркілердің) ежелгі тарихын М.Аджи осылай қыпшақтардың тарихымен байланыстыра отырып зерттейді. Сонымен бірге осы автор жалпы түрік (түркі) халықтары мен олардың ру-ұлыстары жайлаған мекендер мен түркі тайпаларының тараған жерлерін “Новый Дешт-и-Кыпшак” деп атайды да, “Здесь жили тюрки”-деп, атап көрсетеді: “... В конце V века выбрали правителя каганата Австразия. Это было новое тюркское государство в центре Европы. Оно занимало земли, самые западные от Алтая: нынешнюю Францию, Люксембург, Бельгию, Швейцарию, часть Испании и Южной Германии, Австрию. Здесь жили тюрки.

Потом появился каганат **Авария**, он появился позднее Австразии и лежал к востоку от нее. Там, где сегодня земли Чехии, Венгрии, Польши, Литвы, Латвии, части Германии, Хорватии. И здесь жили тюрки, которых в Европу привело Великое переселение народов.

Каганат **Украина** занимал почти всю свою нынешнюю территорию и часть центральной России, до Москвы-реки.

К югу от Украины располагался каганат **Великая Булгария**. Он широкой дугой опоясывал побережье Черного моря, захватывал земли сегодняшней Болгарии, Румынии, Югославии, части Южной России и Украины. Эти земли тоже заселяли тюрки, которые пришли с Алтая.

Весь Кавказ и вся Донская степь входили в каганат **Хазария**.

Земли вдоль Идели назывались просто-каганат **Булгария**.

Алтайскую степь (от Яика до Байкала) именовали одним словом – **Сибирь**.

На севере одинокой звездой горела **Саха** – самая восточная страна тюрков, самая самобытная” [3, 166-167].

¹ Ескі түркі тілдерінде: күдегү, күзегү-зять. **Киев** сөзі түркі тілдеріндегі з,д>й және г>в(у) заңдылықтары арқылы жасалған. Қыпшақ тілінде: күйегү, күйев.

Түріктер жайлап үстемдік құрған, жергілікті тұрғындарға қоғамдық-әлеуметтік және діни, мәдени-рухани аспекті де әсер еткен, олардың арасында қаны мен тілінің ізін қалдырған елдердің қатарына автор мынадай аймақтарды да қосып қояды: Индия [3,60], Тибет пен Индия [3,60-66, 84], Иран[3,67-69], Кушан хандығы, Орта Азия, Афғанстан, Пакистан, Иран, Қытай[3,70-76], Памир[3,73], Евразия (“евразийство”), Византия[3, 119-124], Рим империясы, Байкал, Кавказ[3,93-106], Орталық Еуропа және Солтүстік Еуропа[3,131-140], т.б.

Жалпы түріктерге, қала берді қыпшақтарға байланысты мұндай мәліметтер бұрын-соңды айтылып жүрген жоқ еді. Осыған орай біз бұларды әдейі келтіріп отырмыз. Күллі түріктер жайлаған жерлер мен қыпшақтар қоныстанған жерлердің автор ара-жігін ашып көрсетпейді. “Түрік” пен “Қыпшақ” этнонимдерін өзара қатар қолданып, бірінің орнына бірін жазып отырады. М.Аджи еңбегінің аты “Қыпшақтар” деп аталады, оның ішінде, біздің ойымызша, бүкіл түркі халықтары мен олардың ру-ұлыстары мен тайпалары және солардың әр алуан одақтары туралы сөз болады. Оның өзі түріктердің ұзына бойғы тарихында қыпшақтардың алатын орны мен маңызы аса зор болғандығын көрсетсе керек, мәселе осыған байланысты зерттеліп отырған сыңай танытады.

Қазақ ғалымы Марат Барманқұлов қыпшақтарды жалпы түріктерден (түркілерден) ажыратып алып қарастырады. Қыпшақтардың тілін “тюркский кипчакский” деп те, өз алдына “кипчакский” деп атайды. Орта Азия түріктерінің тілінде жазылған кейбір жазба мұраларды ол бірде “қыпшақ тілінде” жазылған десе, енді бірде “түрік” тілінде жазылған деп есептейді. “Түрік” сөзі мен “қыпшақ” деген атауды өзара синоним ретінде қолдану үрдісі бұл авторға да тән әдет сияқты [4,322-323].

“Қыпшақ” деген этнонимнің ең алғаш хатқа түсіп, тасқа басылған түрін ұйғыр қағанатының билеушісі Әлетмін Күл Білге қағанның (747-759 ж.) басына орнатылған құлпытастан оқимыз. Онда “түрк кыбчак еліг йыл олурмыс” (“когда тюрки-кыбчаки властвовали над нами пятьдесят лет”) деп жазылған (С.Е.Малов). Араб зерттеушілерінің еңбектері бойынша қыпшақтар ІХ ғасырдан бастап белгілі (Б.Е.Көмеков), жалпы алып қарағанда, олардың мың жылдан астам тарихы бар көрінеді (С.Г.Кляшторный) [5,153]. Осыған орай Қ.Салғараұлының “ежелгі қыпшақ тайпалары ұлы түрік қағанатының негізін қалаған” (551 ж.) деген пікірін де еске ала кеткеніміз артық болмайтын сияқты [6,7]. Ә.Кекілбайұлының мәліметтері бойынша, ежелгі хун қауымы өзінің “тоқырау кезеңінде” (“б.ж.с.д. I ғасырдың ортасынан біздің дәуіріміздің II ғасырының ортасына дейін”) Алтай өңірін жайлап жүрген “қыпшақтармен араласып, кумандарға (половцыларға) айналып кеткен” [7.3.]. Тағы да бір мәліметті еске ала кетейік: Б.Е.Көмеков “Как уже отмечалось, появление имени **кыпчак** в исторических источниках, если верно реконструировано китайское цюйше, относится к III-II вв. до н.э.” [8,10, 43] деп жазады. Одан әрі бұл автор “С начала XI в. начинается продвижение кыпчаков в западном и южном направлениях” [8,43] деп көрсетеді. С.Г.Кляшторный оны “Началась история кипчаков, одного из племен Кимакского каганата” [5,153] деп түйіндейді.

Қыпшақ ру - ұлыстары мен тайпаларының тарихы туралы аз жазылып жүрген жоқ. Солардың айтқан пікірлері бойынша мынадай бір мәселені еске ала кеткеніміз жөн сияқты: М.Аджидің сөзімен айтқанда, “Дешт-и-Кипчак” при новом многольском правителе получил и новое имя – Золотая Орда ..., которая, как это ни парадоксально, целиком и полностью держалась на кипчаках”, бірақ көп ұзамай монғолдар жергілікті қыпшақтардың арасында ассимиляцияланып кеткен [4,389]. Осыдан барып “Алтын Орда” кейбір әдебиеттерде “Қыпшақ ордасы” деп те аталады.

Ендігі бір ескеретін мәселе: XI ғасырдың аяғы мен XIII ғасырдың басында конгениальды қыпшақ тайпалары мен олардың басқа түркі ру-ұлыстарымен жасаған конгломерациялық одағы Ертіс пен Еділ арасындағы қыпшақ конфедерациясын [4,389], В.В.Бартольдтің сөзімен айтқанда, “қыпшақ мемлекетін” [9,8], барынша күшейте түскен, бірақ монғол империясының жойқын жорығы бұл тарихтың өз бетімен туралап, өсіп, өркендеу тағдырын басқа жаққа бұрып жіберді...

Сөздің иіні келген соң айта кетейік, М.Барманқұлов “Существенное влияние на образование казахской народности оказала Кипчакская конфедерация” деп көрсетеді [4,389]. Бұл мәселе туралы ең алғаш арнайы мақала жазып, нақтылы пікір айтқан академик Н.Т.Сауранбаев еді. Бұл автор зерттеулерінің ең түйінді жері мынадай: “Современный казахский язык есть развитие древнекипчакского языка в новых условиях. Монолитный язык казахов сложился и существовал до X в., когда народ, говоривший на кипчакском языке, стал называться казахами” [10,25].

Н.М.Карамзин “Казахия” деген елдің атауын X-ғасырдан бастап белгілі болған еді деп көрсетеді, өйткені ол сөз Византия императоры Константин VII Багрянородныйдың (905-959 ж.) еңбектерінде жазылып қалған екен [4,391]. Н.Т.Сауранбаевтың “до X в.” деп отырғаны осындай бір мағлұматтарға келіп саятын болса керек, өйткені Византия императорының X ғасырдан кейін жазуы мүмкін емес қой!

Қыпшақ тілінің зерттелу тарихы әйгілі ғалым, филолог, қоғам қайраткері – Хас Хаджиб Махмуд ибн әл-Хусейн ибн Мухаммед әл-Қашқаридың атымен байланысты. Ол өзінің “Дивану луғати-т-түрк” (“Түркі тілдерінің сөздігі”) деген еңбегінде (XI ғ.) көптеген түркі тілдерімен қатар қыпшақ тілін де қатты қадағалап зерттеген [11,79-81; 11,52-60].

XI ғасырдың басы Сельджук бастаған оғыз түріктерінің тайпалары Сельджукидтер династиясын орнатып, таяу Шығыс пен Орта Шығысты (Орта Азияның бір бөлігін, Иранды, Азербайжанды, Курдистанды, Иракты, Арменияны, Кіші Азияны, Грузияны, т.б. да біраз аймақтарды) басып алып, өз билігін жүргізіп тұрған уақыт еді. М.Қашқари осы жағдайға арқа сүйеген болу керек, ол Бағдадта отырып былай деп жазды: “Бұхаралық бір сенімді ғалымнан және Нишапурлық басқа бір сенімді ғалымнан мынадай сөз естіген едім, олар бұл сөзді пайғамбар айтқан екен дегендей етіп айтты: қияметқайымның белгілері, ақырзаманның аласапыраны және оғыз түріктердің килігуі жайында сөйлескенде, пайғамбар былай деген еді: “түрік тілін үйрен, өйткені олардың үстемдігі ұзаққа созылады”.

[Осы] “Хадистің тура не тура емес екендігінің жауапкершілігі – айтқан кісілердің мойнында. Егер тура болса, түрік тілін үйрену міндетті түрде қажет

болады; [егер] хадис тура болмаған жағдайда, оны үйрену қажеттігін ақыл-парасаттың қалауы біледі” [12,43-44].

Қалай болған күнде де М.Қашқари өз еңбегін жалпы түркі тілдері жайында тиісті мәліметтер берумен қатар, сол тілдерді басқа жұртшылық өкілдерінің оқып-үйренуі үшін жазған болу керек, оның басты мақсаты осында жатқан сияқты.

Жалпы түркі тілдерінің ішінде әрдайым көбірек зерттелінген және басқа түркі тілдерінен гөрі көбірек және жиірек, кейде тіпті тұрақты түрде қолданылған тіл қыпшақ тілі болып қалыптасты. Ол туралы А.Зайончковский былай деп жазды: “Арабские филологи проявляли большой интерес к тюркскому языку со времен раннего средневековья, что объясняется тем большим значением, которое он приобрел в этом государстве. К тому же по этническому или племенному происхождению тюркоязычные мамлюки были неоднородны. Основным этническим элементом в государстве мамлюков являлись, вероятно, кипчаки, так как очень много мамлюков пришли из кипчакских степей (Дешт-и-кипчак).

Вторую значительную этническую группу составляли тюрки-огузы. Поэтому для тюркского языка государства мамлюков характерны кипчакские и огузские элементы...” [13,37-38].

Қыпшақ тілі (дәлірек айтқанда, мәмлүк қыпшақтарының тілі) жайында араб тілінде кітап жазған авторлардың бәрі бірдей арабтар болмаған, олардың ішінде түркі халықтары мен қыпшақ тілдес оқымыстылар атсалысқан (олардың аты-жөндеріне “ат-түрки”, “ал-қыфчаки” деген сияқты, т.б. тахаллустар-ныспылар, лақабтар қосылып жазылатын болған). Кейбір авторлар өз аттарын көрсетпей-ақ (аноним), көзге түсе кететіндей көрнекті еңбектер жазған.

Мысыр мен Шамды билеген Мәмлүк мемлекетінің (1250-1517, 1711-1811ж.) басшылары мен олардың бағынышты жамиғаттары тек қана ана тілінде - қыпшақ тілінде сөйлеген. Жергілікті халықтарға осы тілді оқытып үйрету үшін түркіше (түрікше) – арабша сөздіктер түзіліп, қыпшақ тілі туралы оқулықтар, анықтамалар мен түсініктемелер жазылып отырған. Кейбір авторлар өз еңбектерін “қыпшақ тілінің материалдары бойынша жаздым” деп атап көрсеткен. Мәмлүктер оқып - үйрену үшін арабша-түрікше (қыпшақша) сөздіктер құрастырылып, бағзы бір публицистикалық шығармалар да жазылған (мысалы, “Оқ ату өнері туралы”, т.б.). Дүниежүзі әдебиеттерінің ең озық үлгілері де назардан тыс қалмаған. Сағдидің “Гүлстаны”, Фердаусидің “Шаһнамасы”, Низамидің “Хосроу-Шырыны”, т.б. ең алғаш осы мәмлүктер тіліне аударылып берілген (бұл, шамасы, аталмыш шығармалардың дүниежүзіндегі бірінші аудармасы болуы да мүмкін). Сол кездегі қыпшақтар мәдениетінің таралу өрісі мен өркендеу дәрежесін осы бір мысалдан да аңғарту қиын емес. Мәмлүктер Алтын Ордамен күрдай қатынасып тұрған. Мысырдан Еділ бойына қатынап жүрген бір керуеннің жетпіс түйеге кітап теңдеп әкелгені туралы да мәлімет бар. Иіні келген соң бір сөзбен болса да айта кетейік: атақты Бейбарыс туралы араб тілінде жазылған аңыз - әңгімелер, роман-дастандар көп көрінеді. Олар және жалпы мәмлүктерге байланысты талай жазба дүниелер үлкен бір үйге жиналып, есігі құлыпталып, сыртынан айқұш-үйқыш қағылған тақтайларменен қапталып,

шегеленіп тасталған деп айтады. Осы қауесет рас болса олардың да күні туса, жарық көруі мүмкін ғой!

Жалпы алып қарағанда, ескі қыпшақ тілінің материалдары бойынша жазылып қалған жәдігерлік мұралар XI және XVII ғасырлардың арасын қамтиды. Осы күні қолданылып жүрген “қыпшақ тілі” деген тілдің жоқ екендігі белгілі жәйт, бірақ оның орнына “қазіргі қыпшақ тілдері” деген атау бар, бұлар – тірі тілдер. “Ескі қыпшақ тілі” - әрине, қазір өлі тілдердің санатына жатады. Өз кезінде, сөз жоқ, тірі тіл болған.

Дәл бүгінгі күндері жұмсалып жүрген қыпшақ тілдері ескі қыпшақ тілінің әр алуан салалары болып табылады. Қазіргі таңда, мысалы, “қазақ тілі” деп аталғанмен, ол бір кездегі қыпшақ тілінің өзгерген, жаңарған, осы-даму барысында барынша байып кемелдене түскен. Лексика-грамматикалық, фонетикалық және синтаксистік құрылымдары жағынан жетіле түсіп, аздықөпті өзгерістерге ұшыраған; өзінің ішкі даму заңдылығы бойынша жаңалан даму бағытына бағынып, белгілі бір типтік қалыпқа түскен: бет-бейнесі мен ішкі мағынасы тіпті бір өзгеріп кетпегенмен, келбеті мен кейпі (грамматикалық түзілімі мен айтылу, дыбысталу, ерекшеліктері) аз да (әйтеке те) болса, өзгеріп, өзінше бір жаңа бейнеге ауысқан. Бір сөзбен айтқанда, қазіргі қазақ тілі - өз дәуірінің талабына қарай өзгеріп қалыптасқан ескі қыпшақ тілінің бір түрі, соның материалдық көрінісі. Басқа тірі қыпшақ тілдері туралы да осыны айтуға болатын тәрізді.

Бұл жерде бір ескерте кететін мынадай жәйт те бар. І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің құрметті профессоры Т.Қалиханов былай деп жазады: “Язык Древнетюркских письменных памятников является не мертвым, а живым корнем разветвленных современных языков тюркских народов, среди которых близким преемником является казахский язык” [“Об алфавите Асанкайги” 9,14]. Әрине, мұндай пікірлер ешқандай сын көтермейді. Тиісті әдебиеттерде (сөздіктерде) әдетте мынадай анықтамалар келтіріледі: “Өлі тілдер-жазба нұсқалар немесе жазба ескерткіштер негізінде белгілі болған, бірақ қазір қолданыстан шығып қалған тілдердің шартты атауы”.

Ескі қыпшақ тілінің әралуан материалдары жазылу орнына қарай әртүрлі жазу нұсқаларымен хатталып қалған. Солардың басты-басты жазу нұсқасы деп мынадай жазу түрлерін көрсетуге болады:

1) Готикалық көне шрифтімен жазылған ескерткіш (XIII-XIVғ.). 2) Араб әрпімен жазылған жәдігерліктер (XI-XVIғ.). 3) Армян жазуы-мен берілген материалдар (XV-XVIғ.). 4) Орыс (кириллица, кейде глаголица) алфавитімен жазылып қалған деректер (XI-XIIIғ.). 5) Шығыс Еуропа аймағын мекендейтін кейбір халықтардың тілінде сақталып қалған және сол елдердің өзіндік жазу үлгілерімен берілген қыпшақ сөздері мен сөз орамдары (этнотопонимикалық, аномастикалық, т.б. атаулар мен сөз тіркестері).

М.Барманқұлов “Кодекс куманикустың” жазылу уақытын “конца XII-начала XIII веков” деп көрсетеді [4, 308]. Енді бірде “конца XIII-начала XIV веков” деп жазады [4, 386]. Осы екі жерде де “Кодекс” мәтіндерінде “мақалдар мен мәтелдер” бар деп көрсетеді, бірақ ол бекер, ондай материалдар жоқ. Автордың “Итало-Кумано-персидский словарь “Кодекса XII века” деп көрсеткені де дәл айтылған сөз емес [308 бет], онда “Латынша-

парсыша-куманша сөздік” келтірілген. Келесі беттерде “латино-персидско-кипчакский (куманский) словарь” деп дұрыс берілген (386). Бұл жерде “қыпшақ” және “түрік” сөздері синоним ретінде қолданылған.

Бірінші топқа жататын ескерткіш латын тілінде жазылған, оңда итальян тілінің де бірлі-жарым элементтері бар. Екінші топқа жататын ескерткіштер классикалық көне араб тілінде жазылған. Үшінші топқа жататын ескерткіштер тілінде армян тілі мен поляк тілінің элементтері араласып отырады. Төртінші топтағы ескерткіштердің тобына қыпшақ тілінен орыс тіліне ауысқан сөздер мен қысқана қыпшақша (түркіше)-орысша түзілген сөздіктер жатады. Бесінші топтағы материалдар көбіне-көп орыс, украин, белорус, венгер, румын, чех, югославян, грек, грузин, молдова тілдерінде, т.б. да жерлерде сақталып қалған қыпшақ (куман, коман) тілінің элементтері (адам аттары, жер-су, қала, мекен-жап, т.б. мысалы, Куманов, Куманья, Половцев) жатады. Қай топтағы ескерткіштер болса да олар – сол жергілікті халықтардың ішінен шыққан авторлардың қолымен жазылған материалдар (М.Қашқаридан басқалары). Бұл автордың тегі - түрік, әйгілі Қаранидтер (927-1212ж.) тұқымынан шыққан, әскери қолбасшының баласы (қазіргі Қырғызстандағы Ыссық көл жағасында, Барысқан қаласында туған, Қашар мен Баласағұн қалаларында өскен, Бұқара мен Шинапурде оқыған, Бағдатта отырып, өз еңбектерін жазып шыққан).

Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасын ең алғаш дүниеге нашар еткен М.Қашқари (XI ғ.) екенінің бүгінде күмән туғызбайты. Оның еңбегінде тарихи грамматиканың жөн жобасы да жоқ емес. Біз сөз етіп отырған қыпшақ тілін бұл автор ығи да басқа түркі тілдерімен байланыстыра отырып зерттеген. Сонымен қатар М.Қашқари қыпшақ тілін көбінесе осы тілмен өзара генетикалық және типтік жағынан барынша жақын тілдермен, соның ішінде айрықша оғыз тілімен қатар қойып, әдейі бірге атап отырады, оларды тарихи-салыстырмалы түрде қарастырады. Бұл әдісті қолданудың жөні де бар. Оғыздар VII-XI ғасырларда Орталық Азия мен Орта Азия өңірін жайлаған. Ол кезде Сырдарияның орта ағысы мен Арал теңізінің аймағын “Денг-и-Гузи” деп атаған (XI ғ. ортасында). IX-ғасырдан бастап бірте-бірте батысқа қарай жылжыған оғыз тайпаларының ізін басып, XI-ғасырдың басында Қимақ мемлекетінің құрамынан бөлініп батысқа қарай ойысқан қыпшақтар “Оғыздар даласын” әйгілі “Қыпшақтар даласының” құрамдас бір бөлігіне айналдырып жіберген. Оғыздар мен қыпшақтар “төскейде малы қосылған, төсекте басы қосылған”, өзара “мидай араласып жатқан” халықтар болатын. Сондықтан да олардың тілі бір-бірімен өте жақын, тіптен үкес болса керек. М.Қашқари әлсін-әлсін әрқилы реестр сөздерге берген анықтамаларында “оғыздар мен қыпшақтар тілінде” деген сөз тіркесін өте жиі қайталап қолданады. Осыған байланысты Құл Қожа Ахмед Йассауидің “Хикметтер” тілін зерттеуші мамандар оны “является самостоятельным огузско-кипчакским языком” деп атайды. Бұл анықтаманы беріп отырған Ә.Нәжіп былай деп жазып кеткен еді: “Появление хикметов Есеви на кипчакско-огузском языке доказывает существование второго тюркского литературного языка наряду с карлукско-уйгурским языком “Куталгу биллига” [14, 56]. Кезінде Мәмлүк мемлекетінің территориясында үстемдік құрып тұрған әдеби тілді Ә.Нәжіп “Кыпчакско-огузский литературный язык мамлюкского Гипта

XIV века” деп атаған (бұл атауды автор бірсыпыра еңбектерінде келтіріп отырады “оғыз-қыпшақ койне тілі” деп атайды) [15, 1-94].

В.В.Радлов М.Қашқариды түркі тілдерін өзара салыстыра отырып зерттеу ісінің “пионері” болды деп есептеген еді. Ф.Бопп (1791-1867 ж.) салыстырмалы тарихи тіл білімінің негізін салушы болып саналады (XIX ғ.). Ол үнді-европа семьясына жататын тілдер бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізген. Бұл жерде ерекше бір атап айтқымыз келіп отырған мәселе мынада: дүниежүзі тіл білімінің тарихында салыстырмалы-тарихи әдісті ең алғаш қолданған М.Қашқари еді. Осыған орай біз кезінде былай деп жазған едік: “Изучая метод и материалы М.Кашгари по этимологизации ряда слов, А.М.Демиричизаде утверждает, что метод, используемый в индоевропейском языкознании, не может быть применен к тюркским языкам без учета их специфики” [16, 24-27]. Демек, қазіргі түркі тілдерінің тарихын зерттеу барысында біз ең алдымен М.Қашқаридың жазып кеткен мұраларын басшылыққа алып отыруға тиістіміз. Түркі тілдеріне байланысты қыруар сөздердің лексикалық, семантикалық, грамматикалық, фонетикалық және ішінара тарихи сипаттамаларын тәптіштеп талдап берудің үстіне М.Қашқари тіл табиғатын танудың және оны тексерудің әдісін де көрсетіп берді. Бұл автордың ғылымға қосқан үлесін осы жағынан да бағалай білуге тұра келеді.

Готикалық көне шрифтпен жазылған жалғыз ескерткіш Codex Sumanicus (қысқаша: СС) – басқа түрлі жазба нұсқалардан гөрі қыпшақ тілінің материалдарын молырақ қамтыған, көлемі жағынан толықтау, мазмұны жағынан әралуан мәтіндері бар, дүниежүзілік туркологияда барынша белгілі, талай елде зерттеліп, бірнеше рет басылып шыққан, бірқатар Еуропа тілдеріне аударылған еңбек [17, 5-275]. СС туралы әралуан тілдерде жазылып жүрген әдебиеттер аз емес. Біз бұл жерде екі автордың айтқан пікірлерін ғана еске ала кетейік. М.Барманқұлов “Появление СС было вызвано историческим значением кипчакского языка, игравшего в XIII-XIV веках роль международного на огромной территории от Дуная до Иртыша”- деп, біздің ойымызша, өте орынды пікір айтқан, бірақ “Вся книга переиздавалась не раз с комментариями на французском, английском, немецком языках”-деп көрсеткен жерінде бір жаңсақтық бар – СС ағылшын тіліне аударылып басылған жоқ, ол туралы бұл тілде комментарийлерде берілген емес [4, 386]. СС-тің қыпшақтану саласындағы маңызы мен рөлі туралы В.В.Бартольд “он имеет первостепенное значение не только для турецкой филологии, но и для истории культуры, как памятник практического востоковедения средневековых европейских торговцев и миссионеров”-деп ескерткен болатын [18, 139, 393].

Мәмлүк қыпшақтарының тілі туралы араб алфавитімен жазылған оннан аса дерек көздері бар. Олардың көбіне көзге түсіп жүргендері мыналар.

“Китаб-и меджму-у терджуман тюрки ве аджеми ве моғоли ве фарси” (“Түркіше-парысша және монғолша-парсыша толық түсіндіретін аударма кітап”). Араб тілінде ’аджми сөзін арабтар емес, фарсылар” деген мағына береді, бірақ түрік (қыпшақ) сөздері бұл жерде араб тіліне аударылған. Туркологиялық әдебиетте бұл қолжазба “Түрікше-арабша сөздік” деп аталады [19, 5-233]. Қолжазба 1245 ж. Мысырда жазылған. Голландияның Лейден

қаласында сақтаулы. Авторы белгісіз. Көлемі-76 бет, біржарым мыңдай сөз бар.

М.Т.Хоутсма зерттеп, 1894 ж. неміс тіліне аударып бастырған (Лейденде). Онда түпнұсқаның жаңадан жасалған (графикалық) көшірмесі бар. 1970 ж. орыс тіліне аударылған (Алматы, Ә.Құрышжанов. Түпнұсқа бойынша түзілген қыпшақ сөздерінің тізімі бар). 2000 ж. түрік тіліне аударылып басылады. Баспаға дайындағандар: проф. д-р Топарлы, проф. д-р, Сады Чөгенлі, доц. д-р Невзат Н.Йанык (Анкара).

Жамал әд-Дин Мухаммед Абдуллах ат-Түркидің (XIV ғ., Шам қаласы) қолжазбасы “Арабша-түркіше және қыпшақша сөздік” деп аталады: **“Китаб булғат ал-муштақ фи-луғат ат-түрк вал-қифжақ”** (“Түрік пен қыпшақ тілдерін жақсы оқып үйренушілер үшін жазылған кітап”). Көлемі-71 бет. Парижде сақтаулы тұр. Бірінші бөлімінде есім сөздері, екінші бөлімінде етістік сөздері түзілген. А.Зайончковский зерттеп, бастырған (1938, 1954, 1958 ж, Варшава). 1500-дей сөз бар. Осы материалдар бойынша Ш.А.Файзуллаева мен С.Е.Боранбаев кандидаттық диссертациялар қорғады. Осы еңбектің атауы бойынша “түрк” пен “қыпшақ” сөздері өзара ажыратылып берілген. Мұндағы “түрк” атауы оғыздар туралы айтылып отыр деген пікірлер де бар.

Аты-жөні белгісіз бір автор жазған арабша-қыпшақша сөздіктің аты – **“Китаб ад-Дурра ал-Мулийа фи-л-Луғат ат-түркийа ала-т-тамам ва-л-камал”** (“Түркі тілі туралы жан-жақты және толық аяқталған інжу-маржан кітабы”). Көлемі 24 парақ (48 бет.). Лоренцо Медичидің Флоренция кітапханасында сақтаулы тұр (Италияда). Бұл сөздік соңғы кездерде ғана табылған (1963 ж. қазан айында). Ол туралы толық мәлімет таратқан – А.Зайончковский. Оның айтуына қарағанда, XVI ғ. Аяғында не болмаса XV ғ. басында, Мысыр елінде, мәмлүк қыпшақтарының арасында жазылған болу керек (Шам-Сирия елінде түзілуі де мүмкін). Қолжазбаның әртарауы әржылдары шығып тұратын **“Шығыстану жылнамасында”** (поляк тілінде) жарияланған.

Мәмлүк қыпшақтарының тілін оқып үйрену үшін араб тілінде жазылған оқу құралдарында да қыпшақша-арабша сөздік бөлімдері бар.

Асир әд-Дин Абу Хайиан Мухаммед ибн Али ибн Юсуф ал-Гарнати (Андалдузский). Шыққан тегі жағынан африкалық бербер елінен (1256-1345 ж.). Бізге жеткен еңбегі (басқалары жоғалып кеткен). **“Китаб ал-идрак Ли-Лисан ал-атрак”** (“Түркі тілдері туралы жазылған түсіндірме кітап”) деп аталады. Ол 1312 ж. Каирде жазылып біткен. Мазмұны: фонетика, морфология және сөздік (3500-дей лексема бар). Түпнұсқа сақталмаған. Екі түрлі көшірмесі Түркияда сақтаулы. Олар екі рет зерттеліп, үш рет басылып шықты: Мустафа-бей (1891, Стамбул), А.Джафероғлы (1931 Стамбул), В.Избудак (1936, Стамбул).

Аноним автор жазған **“Китаб ат-туһфа аз-закийа фи Луғат ат-түркийа”** (“Түркі тілі туралы жазылған ерекше сыйлық” деген қолжазба бір-ақ дана, XIVғ. Мысырда түзілген, Стамбулда сақтаулы. Көлемі-91 парақ (182 бет), 3584 сөз бар. Қысқаша кіріспесін қоспағанда, оқулық екі бөлімнен құралған: сөздік және грамматика. Бұл еңбек өзінің тарихи да ғылыми мәні жағынан М.Қашқари мен Абу-Хайиан еңбектерінен кейінгі үшінші орында тұрған айтулы шығармалардың бірі болып саналады. Мадьяр Т.Х.Кун түпнұсқа (фоторепродукция) күйінде жариялаған (1942 ж., Анкара). Б.Аталай түрік

тіліне аударып бастырды (1945 ж., Стамбул). С.Муталибов өзбек тіліне аударып бастырды (1968 ж., Ташкент). Э.Фазылов пен М.Зияева орыс тіліне аударып шығарды (1978, Ташкент). М.Зияева осы ескерткіштің материалдары бойынша кейінірек кандидаттық диссертация да қорғады. Қазақстанда Т.Арынов пен Б.М.Сүйеркүл кандидаттық диссертация қорғады.

Мәмлүк қыпшақтарының тілі бойынша ендігі грамматикалық оқу құралы **“әл-Кауаийна-л-Кулита ли-дабти-л-Луғати-түркийати”** (“Түркі тілінің толық жүйеленген ережелер жинағы”) деп аталады. Авторының аты-жөні белгісіз. XIV-XV ғ. Мысыр елінде жазылған. Грамматика бөлімі көлемдірек, сөздік бөлімі-шағындау (500-дей сөз бар). 1928 ж. Стамбулда түрік тіліне аударылып басылды. Тәржімашы-К.М.Рифат Білге. Алтын сөзін жазған М.Ф.Көпрүлүзаде. 1937 ж. С.Телегидің неміс тіліндегі басымы жарық көрді (Будапешт). Мұның тілі бойынша С.Ж.Дүйсеінов кандидаттық диссертация қорғады (Алматы).

Молла ибн Мухаммед Салихтың оқулығы **“аш-Шудур ал-Даһабийа вал-кита ал-Ахмадийа фил-Луғат ат-түркийа”** (“Түркі тілі туралы жазылған алтын тізбе”) деп аталады. XVIII ғ. Басында (1619 ж. шамасында) Мысырда жазылған. Стамбулда сақтаулы Түніүскасын Ы.Атадан бастырып шығарған (Анкара, 1949 ж.). Осы мұрағаттың кезінде мәмлүк қыпшақтарының тілінен гөрі Осман түріктерінің тілі белгілі тұрған заман еді. Сондықтан ботар, қолжазбада **“Қыпшақ пен араб тілдеріне ортақ сөздер”** және **“Стамбул (осман) түріктерінің тілінен алынған сөйлемдер мен сөз тіркестері”** деген бөлімшелер бар. Осыдан былай бұл өңірде (Мәмлүк мемлекетінің аумағында) жазылып қалған қыпшақ тіліндегі жадыхаттар мен жалпыерліктер, мұрағаттар мен жазба ескерткіштердің бәрі де Осман түріктерінің тіліне байланысты зерттеледі. Сонда, басы ашық, таза мәмлүк қыпшақтарының тілі туралы жазылған еңбектердің алды XIII ғасырдан басталып, соңы XVII ғасырмен аяқталады екен. Азды-көпті бұл жерде аталмай кеткен ескерткіштер де бар (мысалы, армяндардың қыпшақша жазған жадыхаттары, т.б.) [20, 44-65]. Бірақ осы аталып отырған толып жатқан жазба нұсқалардың, түріктану ғылымының **“қыпшақтану”** деп аталатын бір саласының негізін қалайтын нақтылы жазба материалдардың өзі қазақ тілі мамандарының арасында көзге түсіп, көңіл көншіте алатындай дәрежеде зерттеліп, қазақ тіл білімінің тіліне асып отыр ма? Ана тіліміздің тарихи тамырын басып, тағдырын танып-білуге үлес қоса алды ма? Мәселенің осы жағына қарай жас талап мамандардың назарын аудару үшін барынша талпына бергеніміз артық болмас-ты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Зайанчковский А. Новонайденный арабско-кипчакский словарь. — журнал “Народы Азии и Африки”, N3, М., 1964
2. Аджи М.Полынь Половецкого поля. —М., “Новости”, 2000, С.102-103, 109, 118-119 и др.
3. Аджи М. Кипчаки. Древняя история тюрков и Великой степи. —М., “Новости”, 1999, С.166.

4. Барманқұлов М. Хрустальные мечты тюрков о квадронации. –А., ОФ БИС, 1999, С.322-323.
5. Кляшторный С.Г. Кипчаки в рунических памятниках. – Сб.: “Turkologica” Л., “Наука”, 1986, С.153
6. Сапнараұлы Қ. Бумын қаған және істімі қаған. – Егемен Қазақстан”, 2002, 24 тамыз, 4 б.
7. Кекілбайұлы Ә. Талайғы Тараз. – “Егемен Қазақстан”, 18 қыркүйек, 2002 ж., № 220, 3 б.
8. Кумеков Б.Е. Государство кимаков IX-XI вв. По арабским источникам. – Алма-Ата, “Наука”, 1972, С.10, 43.
9. Құрышжанұлы Ә. Қыпшақ тілі халықаралық тіл болған... - Жинақ: Түркітану мәселелері: бүгінгі мен болашағы. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары, 15 маусым (Қазақ мемлееттік қыздар педагогика институты). – Алматы, 2001, 7-13 б.
10. Сауранбаев Н.Т. Некоторые черты древнекипчакского языка. –Сб. Н.Т.Сауранбаев Проблемы казахского языкознания. Избранные труды. Алма-Ата, “Наука”, 1982, С.251. Құрышжанов Ә. Академик Н.Т.Сауранбаев (өмірі, қызметі және ғылыми мұрасы жайында). – Алматы, “Ғылым”, 1974, 87-118 б.
11. Құрышжанов Ә. Түркі тілдерінің ең алғаш зерттелуі жайында: М.Қашқари еңбегінің 900 жылдығына. -Қаз.КСР ҒА Хабарлары, қоғамд.ғыл.сериясы, 1972, №1, 79-81 б. Құрышжанов А. Махамуд Кашгари о кыпчакском языке. – Советская тюркология, Баку, 1972, №1, С.52-60.
12. Махмуд Кошғарий. Туркий сузлар девони (Девону Луғотит турк). Уч томлик. I том, - Ташкент, 1960, 43-44 б. (Таржимон ва нашрча тайерловчи филол.фан.канд. С.М.Муталибов).
13. Зайончковский А. Арабско-кипчакский словарь Эпохи государства мамлюков. –Сб. Сообщения польских ориенталистов. М., Изд. вост. лит., 1961, С. 37-38.
14. Наджин Э.Н. Первый тюркоязычный поэт – мистик XII в. Ахмад Есеви и его “Диван-и хикмет. – Его Сб. “Исследования по истории тюркских языков XI-XIV вв. М., “Наука”, 1989, С.56.
15. Наджин Э.Н. Кыпчакско-огузский литературный язык мамлюкского Египта XIV века. Автореферат дисс. на соискание ученой степени докт.филол.наук. – М. 1965, 1-56 С.
16. Құрышжанұлы А. Несколько слов о сравнительно – историческом методе в языкознании. – Вестник Казахского национального университета имени Аль-Фараби. Серия филологическая, №18 (52). Алматы, “Қазақ университеті”, 2002, С.20-31.
17. Құрышжанов Ә.Қ., Жұбанов А.Қ., Белбатаев А.Б. Куманша-қазақша жиілік сөздік. Алматы, “Ғылым”, 1978, 5-275 б.
18. Бартольд В.В. Новый труд о половцах. – Русский исторический журнал РАН, кн. 7, Петроград, 1927, С.139. Сочинения, т. V, М., 1968, С.393.
19. Құрышжанов А.К. Исследование по лексике старокыпчакского письменного памятника XIII в – “Тюркско-арабского словаря”. – Алма-Ата, “Наука”, 1970, С. 5-233.
20. Құрышжанов Ә. Орта ғасыр ескерткіштері. Кітапта: Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. Университет пен педагогтік институттардың филология факультеттеріне арналған оқу құралы. – Алматы, “Мектеп”, 1971, 16-76 б.